

Теңіз портының міндетті түрде көрсететін қызметтерінің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 77 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 30 сәуірде № 10906 тіркелді.

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Теңіз портының міндетті түрде көрсететін қызметтерінің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің Көлік комитеті (Ә.А. Асавбаев):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін, он күнтізбелік күн ішінде оның мерзімді баспасөз басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму бірінші вице-министрі Ж.М. Қасымбекке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

Ә.Исекешев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Е.Досаев

2015 жыл 18 наурыз

Теңіз портының міндетті түрде көрсететін қызметтерінің тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 24.07.2017 № 491 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.06.2023 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Кеменің теңіз портына, кейіннен порттан шыға отырып, жүк операцияларын жүргізуге және/немесе өзге де мақсаттарда кіруі үшін қызметтер (кеме кірісі):

- 1) корабельдік - кемеге теңіз портына кіруді және одан шығуды ұсыну;
- 2) навигациялық - кеменің порт айдынына кіруі/шығу кезінде кемелер қозғалысын басқару жүйесі не жағалаулық радиолокациялық жүйе және басқа да навигациялық жабдық (қалтқылар, вехтер, маяктар, жарылыс белгілері, радиобайланыс құралдары) арқылы навигация және байланыс құралдарымен навигациялық қызметтерді ұсыну;
- 3) арнамен өткен үшін - кеменің айлаққа өтуі үшін арнаны, соның ішінде навигациялық жағдай құралдарымен жабдықталған арнаны ұсыну;
- 4) айлақтық - кемелерге жүк және көмекші операцияларды жүзеге асыру үшін айлақты ұсыну;
- 5) зәкірлік - кемелерге рейдте және/немесе айлақ қасында зәкірлік тұрағын ұсыну;
- 6) арқандап байлау - кеменің арқандап байлау ұштарын тарату, айлақтан жылжу, кемелерді көшіру және қайта арқандап байлау;
- 7) табиғат қорғау іс-шаралары саласында - портта тұрған уақытта болған ластанудың (балластық сулардан басқа) барлық түрлерін кемеден қандай да бір шектеусіз қабылдау;
- 8) карантиндік - санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің және қамтамасыз ету бойынша теңіз портының қызметтер көрсетуі:
карантиндік жұқпалы ауруларды және жұқпалы ауру таратушы болуы мүмкін адамдарды уақытша оқшаулау үшін үй-жай ұсыну;
теңіз порты аумағы мен объектілерін тиісті санитарлық жай-күйде ұстау;
көлік кемелерінде, порт объектілерінде санитарлық-эпидемиологиялық станциялардың күшімен кеміргіштер мен жәндіктерді алдын-ала жою.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК